

**"Екінші және үшінші, жасөспірімдер арасындағы бірінші, екінші және үшінші, біліктілігі жоғары және орта деңгейдегі екінші санатты жаттықтырушы, біліктілігі жоғары деңгейдегі екінші санатты нұсқаушы-спортшы, біліктілігі жоғары және орта деңгейдегі екінші санатты әдіскер, спорт төрешісі спорттық разрядтары мен санаттарын беру" мемлекеттік қызмет регламентін бекіту туралы**

*Күшін жойған*

Павлодар облысы Екібастұз қалалық әкімдігінің 2013 жылғы 12 ақпандағы N 156 /2 қаулысы. Павлодар облысының Әділет департаментінде 2013 жылғы 13 наурызда N 3480 болып тіркелді. Күші жойылды - Павлодар облысы Екібастұз қалалық әкімдігінің 2013 жылғы 19 маусымдағы N 555/6 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Павлодар облысы Екібастұз қалалық әкімдігінің 19.06.2013 N 555/6 қаулысымен.**

**Р Қ А О е с к е р т п е с і .**

**Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.**

Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 27 қарашадағы "Әкімшілік рәсімдер туралы" Заңының 9-1-бабына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңы 31-бабының 2-тармағына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 20 шілдедегі "Жеке және заңды тұлғаларға көрсетілетін мемлекеттік қызметтердің тізілімін бекіту туралы" N 745 қаулысына сәйкес, Екібастұз қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған "Екінші және үшінші, жасөспірімдер арасындағы бірінші, екінші және үшінші, біліктілігі жоғары және орта деңгейдегі екінші санатты жаттықтырушы, біліктілігі жоғары деңгейдегі екінші санатты нұсқаушы-спортшы, біліктілігі жоғары және орта деңгейдегі екінші санатты әдіскер, спорт төрешісі спорттық разрядтары мен санаттарын беру" мемлекеттік қызметінің **регламенті** **бекітілсін.**

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Екібастұз қаласы әкімінің жетекшілік ететін **орынбасарына** **жүктелсін.**

3. Осы қаулы алғаш рет ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Екібастұз қаласының әкімі* *А. Вербняк*  
Екібастұз қаласы әкімдігінің  
2013 жылғы 12 ақпандағы

**"Екінші және үшінші, жасөспірімдер арасындағы бірінші, екінші және үшінші, біліктілігі жоғары және орта деңгейдегі екінші санатты жаттықтырушы, біліктілігі жоғары деңгейдегі екінші санатты нұсқаушы-спортшы, біліктілігі жоғары және орта деңгейдегі екінші санатты әдіскер, спорт төрешісі спорттық разрядтары мен санаттарын беру" мемлекеттік қызмет регламенті**

## **1. Жалпы ережелер**

1. Осы регламент Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 27 қарашадағы "Әкімшілік рәсімдер туралы" Заңының 9-1 бабы 4 тармағына сәйкес әзірленген.

2. Мемлекеттік қызмет "Екібастұз әкімдігінің дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесімен (бұдан әрі - өкілетті орган) "Павлодар облысының халыққа қызмет көрсету орталығы" Республикалық мемлекеттік кәсіпорынның Екібастұз қаласының филиалы, (бұдан әрі - орталық) арқылы мына мекенжай бойынша көрсетіледі: 141200, Павлодар облысы, Екібастұз қаласы, Мәшһүр Жүсіп көшесі, 92/2, телефоны 8 (7187) 776693, жұмыс кестесі: демалыс және мереке күндерінен басқа күн сайын: сағат 9.00-ден сағат 20.00-ге дейін, сайты: [ekb\\_con@mail.ru](mailto:ekb_con@mail.ru) көрсетіледі.

3. Көрсетілетін мемлекеттік қызметтің нысаны: автоматтандырылмаған.

4. Көрсетілетін мемлекеттік қызметі "Екінші және үшінші, жасөспірімдер арасындағы бірінші, екінші және үшінші, біліктілігі жоғары және орта деңгейдегі екінші санатты жаттықтырушы, біліктілігі жоғары деңгейдегі екінші санатты нұсқаушы-спортшы, біліктілігі жоғары және орта деңгейдегі екінші санатты әдіскер, спорт төрешісі спорттық разрядтары мен санаттарын беру" мемлекеттік қызмет регламентін бекіту туралы мемлекеттік қызметін көрсетудің стандартын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 27 шілдедегі N 981 қаулысымен бекітілген стандарт (бұдан әрі - стандарт) негізінде көрсетіледі.

5. Мемлекеттік қызмет нәтижесі қағаз жеткізгіште 5 жыл мерзімге спорттық разряд немесе санат беру туралы бұйрықтан үзінді не мемлекеттік көрсетуден бас тарту туралы электрондық құжат нысанындағы дәлелді жауап болып табылады.

6. Мемлекеттік қызмет жаттықтырушыларға, әдіскерлерге, нұсқаушыларға, спортшыларға және спорт төрешілеріне (бұдан әрі - алушы) спорттық разрядтары мен біліктіліктерді ресми тану мақсатында көрсетіледі.

## **2. Мемлекеттік қызметті көрсету тәртібіне қойылатын талаптар**

7. Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі:

1) мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі алушы жүгінген сәттен бастап күнтізбелік отыз күннен аспайды (құжаттарды қабылдау күні мемлекеттік қызмет көрсету мерзіміне кірмейді, бұл ретте жергілікті атқарушы орган мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі аяқталғанға бір күн қалғанда ұсынады);

2) алушы жүгінген күні сол жерде көрсетілетін мемлекеттік қызметті алуға дейінгі күтудің жол берілетін ең көп уақыты жиырма минуттан аспайды;

3) алушы жүгінген күні сол жерде көрсетілетін мемлекеттік қызметті алушыға қызмет көрсетудің жол берілетін ең көп уақыты жиырма минуттан аспайды.

8. Мемлекеттік қызмет тегін ұсынылады.

9. Стандарттың 16-тармағында көрсетілген жағдайларда мемлекеттік қызмет көрсетілмейді.

## **3. Мемлекеттік қызмет көрсету барысында әрекеттер (өзара әрекет жасау) тәртібінің сипаттамасы**

10. Мемлекеттік қызмет стандарттың 11-тармағында көрсетілген құжаттарды орталыққа алушы ұсынған кезде көрсетіледі.

11. Барлық қажетті құжаттарды тапсыру кезінде алушыға стандарттың 14-тармағына сәйкес, мәліметтер көрсетілген тиісті құжаттардың алынғаны жөнінде қолхат беріледі.

12. Мемлекеттік қызмет көрсету барысында келесі құрылымдық-функционалдық бірліктер (бұдан әрі – бірліктер) жұмыс істейді: өкілетті органның маманы; өкілетті органның басшысы.

13. Әрбір әкімшілік әрекетті (ресімді) орындау мерзімі, көрсетілген әр әкімшілік әрекеттердің (ресімдердің) кезектілігі мен өзара әрекеттестігінің мәтіндік, кестелік сипаттамасы осы регламенттің 1-қосымшасында көрсетілген.

14. Мемлекеттік қызмет көрсету барысында әкімшілік әрекеттердің арасындағы логикалық кезектілігі, өзара әрекеттестікті анықтайтын кестелер осы регламенттің 2-қосымшасында көрсетілген.

## **4. Мемлекеттік қызметті көрсететін лауазымды тұлғалардың жауапкершілігі**

15. Лауазымды тұлғалар мемлекеттік қызмет көрсету барысында қабылдаған шешімдері мен әрекеттері (әрекетсіздігі) үшін Қазақстан Республикасының заңдарымен белгіленген тәртіпте жауапты.

2013 жылғы 12 ақпандағы "Екінші және үшінші, бірінші, екінші және үшінші, біліктілігі жоғары және орта деңгейдегі екінші санатты жаттықтырушы, біліктілігі жоғары деңгейдегі екінші санатты нұсқаушы-спортшы, біліктілігі жоғары және орта деңгейдегі екінші санатты әдіскер, спорт төрешісі спорттық разрядтары мен санаттарын беру" мемлекеттік қызмет регламентіне N 156/2 1-қосымша

### Әкімшілік әрекеттердің (рәсімдердің) өзара қатынастары мен жүйелілігінің сипаттамасы

Негізгі процестің (жүрістің, жұмыс легінің) әрекеті	1	2	3	4	5
Әрекет (жүріс, жұмыс легінің) N	1	2	3	4	5
бірліктің атауы	Әкілетті органның маманы	Әкілетті органның басшысы	Әкілетті органның маманы	Әкілетті органның басшысы	Әкілетті органның маманы
Әрекеттің (процестің, рәсімнің, операцияның) атауы және олардың сипаттамасы	Алушыдан қажеттік құжаттарды қабылдайды және тіркейді, қолхат береді	Ұсынылған құжаттарды қарастырады	Спорттық разряд немесе санат беру туралы бұйрық не мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап жобасын әзірлейді және келіседі	Спорттық разряд немесе санат беру туралы бұйрық, бұйрықтан үзінді не мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап қол қояды	Бұйрықта үзінді не дәлелді жауап жүртіркейді және центрға бей
Аяқталу нысаны (мәлімет, құжат, ұйымдастырушылық-әкімші шешім)	Қолхат беру	Қарарын қояды	Спорттық разряд немесе санат беру туралы бұйрық не мемлекеттік қызмет көрсетуден	Спорттық разряд немесе санат беру туралы бұйрықтан үзінді не мемлекеттік қызмет	Спорттық разряд немесе санат беру туралы бұйрықтан үзінді не мемлекеттік қызмет көрсетуден

			бас тарту туралы дәлелді жауап жобасы	көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап	тарту туралы дәлелді жауап
Орындау мерзімдері	20 минуттан аспайды	3 күнтізбелік күн	20 күнтізбелік күн	5 күнтізбелік күн	20 минут аспайды
Кезекті әрекеттің нөмірі	2	3	4	5	

2013 жылғы 12 ақпандағы "Екінші және үшінші, жасөспірімдер арасындағы бірінші, екінші және үшінші, біліктілігі жоғары және орта деңгейдегі екінші санатты жаттықтырушы, біліктілігі жоғары деңгейдегі екінші санатты нұсқаушы-спортшы, біліктілігі жоғары және орта деңгейдегі екінші санатты әдіскер, спорт төрешісі спорттық разрядтары мен санаттарын беру" мемлекеттік қызмет регламентіне N 156/2 1-қосымша

**Мемлекеттік қызметті көрсету барысында әкімшілік іс-әрекеттердің логикалық реттілігі арасындағы өзара байланысын көрсететін сызба**

